

## Жобаның қысқаша мәліметі

|            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Атауы      | АР22684871 «Қазақстандықтардың билік бейнесін қабылдауына БАҚ-тың әсері»                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Өзектілігі | Жоба Қазақстандағы билік имиджін қабылдау ерекшеліктерін зерттеуге, саяси құндылықтарды, азаматтардың билікке қатысты қалаулары, сондай-ақ қазақстандықтардың билік қатынастарындағы өзіндік рөлі туралы сенімдерін анықтауға бағытталған. Зерттеу саяси биліктің қалыптасқан бейнелері мен стереотиптерін қалыптастыру мен өзгертудегі БАҚ ықпалының рөлін, әдістері мен механизмдерін анықтауға бағытталған.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| Мақсаты    | Жобаның мақсаты: БАҚ-тың қазақстандықтардың билік бейнесін қабылдауына ықпал ету ерекшеліктері мен тенденцияларын анықтау, билік имиджін таратудың орынды және тиімді әдістері бойынша ұсыныстар әзірлеу, ақпараттық тәуекелдерді төмендету және билік пен қоғам арасында сенімге негізделген жоғары сапалы саяси байланыс орнату.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| Міндеттері | <ul style="list-style-type: none"><li>- билік бейнесіне теориялық-әдістемелік тәсілдерге талдау жүргізу;</li><li>- шет елдердің билік бейнесін қалыптастыру және тарату тәжірибесін зерделеу;</li><li>- Қазақстанда билік бейнесін қабылдаудың эмоционалдық, когнитивтік және мінез-құлықтық аспектілерін зерттеу;</li><li>- мемлекеттік және мемлекеттік емес БАҚ-тың қазақстандықтардың билік туралы түсінігіне ықпал ету дәрежесі анықталады, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пікірге әсер етуде қолданатын технологиялары анықталады, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі анонимді пікірлердің билікті қабылдауға әсері талданады;</li><li>- биліктің имиджіне теріс әсер етуі мүмкін медиа-ортадағы тәуекелдер мен факторлар, соның ішінде фейк пен жалған ақпарат талданатын болады;</li><li>- билік пен қоғам арасындағы саяси коммуникацияның сенімділігін арттыру және сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.</li></ul> |

|                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер</p>                                                                                                              | <p>Жобаның нәтижелері мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттырады, проективтік сапалық әдістерді пайдалану арқылы жаңа ғылыми деректер алуға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл зерттеу Қазақстан үшін де, халықаралық ғылыми қауымдастық үшін де өзекті болып табылады. Ақпараттық ортадағы әлеуетті және қазіргі саяси тәуекелдері бағалау жүргізіледі, ақпараттық саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар беріледі.</p> |
| <p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері</p> | <p>Жунусова Айгерім Қайратқызы – постдокторант, саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының аға оқытушы (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.) ORCID ID: 0000-0002-4017-3649 (<a href="https://orcid.org/0000-0002-4017-3649">https://orcid.org/0000-0002-4017-3649</a>)</p>                                                                                                              |
| <p>Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері</p>                                                                                                            | <p>Жунусова А., Ниеткалиева Д. (2024). Цифрландыру жағдайындағы қазақстандағы билік пен қоғам арасындағы саяси байланыс ерекшеліктері. Адам әлемі. 101. 88-101. <a href="https://doi.org/10.48010/aa.v101i3.599">https://doi.org/10.48010/aa.v101i3.599</a></p>                                                                                                                                                              |